

# №1 өндірістік кеңестің хаттамасы

29.09.2023 ж

Қатысқандар саны- 8

## Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамактандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

**1. Тыңдалды** балабақша менгерушісі Баймодина К.К. қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстыруды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараftan жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын жәns техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адаптацияның жумысын жүргізу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, атап-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатан сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері Конопъянова А.К. тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сез етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан макулдады.

Сонымен бірге балабақша менгерушісі Баймодина К.К. қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстыруды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған паракшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындастырықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Менгеруші балабақша мейіrbikesі Смаилова Г.К. өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейіrbikesімен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескерту Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып, орындастырының білдірді, қолын қойды.

**2. Тындалды** Балабақша менгерушінің Баймодина К.К. «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сактауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

**3. Тындалды** балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде балабақша менгерушісі Баймодина К.К. баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану тсс.мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ акуыздар мен майлардың коп болігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен акуыздар осіп келе жатқан ағзаның құрылышы материалы болып табылады. Ағзага акуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, акуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбике Смаилова Г.К. 10 күндей ас мәзірін құруды тапсырды.

**4. Тындалды** балабақша есепшісі қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды  
қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

**Шешімі:**

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.  
Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндей ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын. Жауапты
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.

Кенес төрайымы:

Хатшысы:



Баймодина К.К.  
Сыдыкова Д.С.